

**"Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2010 жылғы 14 қазандағы N 10/13 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6604 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының 1) тармақшасына және 34-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 870 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесінде:

**1 2 - т а р м а қ т а :**

бірінші абзацта «шешім алып» деген сөздер «шешім қабылдайды» деген сөздермен ауыстырылсын, «, бұл жөнінде тиісті аумақтық әділет органдарын жеті күн мерзім ішінде хабардар етеді» деген сөздер алынып тасталсын;  
екінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларына жіберілсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң*  
Төрағасы *м.а.* *В. Фоос*

*хатшысы*

*Қазақстан  
Орталық сайлау  
Б. Мелдешов*

*Республикасы  
комиссиясының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК